



ШЕШІМ

30.09.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

233/32-VII

№

город Астана

**Құқық қорғау органдарының
қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша
жұмысының жай-күйі туралы**

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы М.С. Төлебаевтың «Құқық қорғау органдарының қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысының жай-күйі туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, қалалық мәслихат сессиясы төмендегені атап өтеді.

Астана қаласы Полиция департаментінің елорда аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылдап жатқан шараларына қарамастан, шешуді талап ететін бірқатар проблемалық мәселелер бар.

Елордада нашақорлық мәселесі күрделі күйде қалып отыр, бұл жағдай нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің тиімділігін арттыру бойынша шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді.

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қарамастан, қоғамдық қауіпсіздіктің өзекті қатерлерінің бірі алкогольге тәуелділік болып қалып отыр. Жалпы қылмыстардың басым көпшілігі мас күйде жасалатынын атап өткен жөн. Бұл жағдай халық арасында маскүнемдік деңгейін төмендету, тәуелділерді емдеудің және оларды қоғамға қайтарудың тиімді әдістерін іздеу үшін қосымша шаралар қабылдауды талап етеді.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, көшелерде, үй маңындағы аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында, елорда тұрғындарының өтініштерін ескере отырып, адамдардың өмірі үшін ықтимал қауіпті жерлерде бейнебақылау камераларын, орамшілік аумақтарда жасанды жол кедергілерін, бағдаршам объектілерін, жол белгілерін орнатуды қажет етеді.

Бұған дейін кезекті сессияға дайындық шеңберінде Мәслихат депутаттары қалалық Полиция департаментінің объектілерін аралады. Сапар барысында депутаттар кейбір ғимараттардың апатты жағдайда екенін және онда күрделі жедел жағдайда қызметтік-жауынгерлік міндеттерін орындайтын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысы үшін тиісті жағдайлар жасалмағанын атап өтті.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы М.С. Төлебаевтың «Құқық қорғау органдарының қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысының жай-күйі туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

елорда аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты күшейту;

қажетті талаптарға сәйкес әкімшілік ғимаратты бөлу мәселесін қарастыру:

- «Сарыарқа» ауданы басқармасының полиция бөлімі үшін;

- жедел әрекет етудің арнайы жасағының базасы үшін (сол жағалауда);

- №22, 66 учаскелік полиция пункттерін, патрульдік полиция полкін орналастыру үшін.

мас күйде жасалатын құқықбұзушылықтардың өсуіне байланысты қосымша уақытша бейімдеу және интоксикация орталығын ашу мәселесін зерделеу;

әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдарды жеке және заңды тұлғаларға уақтылы беру және олардың уақтылы алуы үшін, пайдаланушылардың жеке кабинетінде деректерді сақтай отырып, Egov. kz электрондық үкіметі» арқылы ұсынымдар жіберуді көздейтін функцияны енгізу бойынша жәрдем көрсету ұсынылсын.

3. Астана қаласының Полиция департаментіне:

елордада нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін қамтамасыз ету;

қаланың шеткі аудандарында құқықтық тәртіпті нығайту үшін, қауіпсіздік мәселелерін шешу және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамдық орындарда тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін жаяу патруль қызметін қайта жандандыру;

орамішілік аумақтарда және адамдардың өмірі үшін ықтимал қауіпті жерлерде бейнебақылау камераларын, бағдаршам объектілерін, жол белгілерін орнату;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:

1) «Жол қозғалысы туралы» ҚР Заңына және электрлі самокаттарды пайдалану бойынша жол қозғалысы ережелеріне өзгерістер енгізу жөнінде;

2) қызмет көрсететін ұйымдарды құқықбұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі қызметке тарту бойынша «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу жөнінде хаттар жолдауға бастамашылық ету;

3) Астана қаласының Полиция департаментіне және Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне оның ішінде тұратын тұлғаларды есепке алумен қоса мәліметтер бере отырып, хостел ретінде пайдаланылатын үй-жайлардың заңды мәртебесін және тіркелуін анықтау мәселесін зерделеу;

4) учаскелік полиция инспекторларының санын арттыру және олардың қызметін цифрландыру, оларды тұрғындардың үй чаттарына қосу арқылы

азаматтармен қарым-қатынастың қашықтықтан форматын кеңінен пайдалану жөніндегі мәселені қарастыру;

5) азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғауға тарту кезінде сыйақы түрлерін, мөлшерін қайта қарау жөніндегі мәселені пысықтау;

6) отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстарды азайту бойынша жауапкершілікті қатаңдату жөнінде шаралар қабылдау;

7) «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ бірлесіп:

қаладағы барлық орнатылған жол белгілерінің Жол қозғалысы ережелеріне сәйкестігін және жол қозғалысына қатысушылардың оларды сақтау тұрғысынан талдау жүргізу;

аса апатты жерлерде жол белгілерін және жасанды жол кедергілерін (ЖЖК) орнату үшін қаржы қаражатын көздеу ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Каналимов